

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес іс-шаралар жоспары**

2024-2025оқу жылы

Р/с	Ақарылатын жұмыстар	Мерезімі	Жауаптылар
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңымен таныстыру (Түсіндірме)	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» (Оқушылармен жиналыс)	Қазан	Қ.Айкузов Е.Бектемиров Ә.Сахаев
3	Өз іс-әрекетің үшін жауапкершілің (Тәрбие сағаты)	Қараша	Сынып жетекшілер
4	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» (Пікірталас)	Желтоқсан	Қ.Айкузов Г.Бердалиева Ә.Сахаев
5	«Заң және тәртіп құндылықтары» (Тәрбие сағаты)	Қаңтар	Сынып жетекшілер
6	«Тәртіп және жауапкершілік» (Тәрбие сағаты)	Ақпан	Сынып жетекшілер
7	«Жемқорлық індет, жою міндет» (Түсіндірме)	Наурыз	Қ.Айкузов Ә.Сахаев
8	«Жемқорлықсыз жол сенімді жол» (Дөңгелек үстел)	Сәуір	Г.Бердалиева Ә.Сахаев

Түзген: ДПЖО  Қ.Айкузов

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылы бойынша
мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін
қалыптастыруға арналған бағдарлама**

1. Жалпы Ережелер

1. Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінің 5-11 сынып оқушылары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2. Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;

3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4.Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесіморальдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

5. Тәрбиелік жұмыстар Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ ұйымдастырылады.

6.Адал ұрпақ клубының жұмысын педагог ұйымдатырушы Ә Сахаевқа жүктеледі.

7. Мектепте мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға деген ынтасын қалыптастыруға, білім мен мәдениет деңгейлерін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізіледі.

8. Мектепте құрылған ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысып қолдау жасайды.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) 2024-2025 оқу жылына мектептің тәрбие жұмысының кешенді жоспары;

2) сыныптың тәрбие жұмыс жоспары;

3) Ерікті«Адал Ұрпақ»мектеп клубының жұмыс жоспары.

10. Осы бағдарламаның 9 тармағында қарастырылған жоспарлар мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы модельдік жоспарға сәйкес қалыптастырылады (қоса беріледі).

11. Жоспарда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық ұйымдармен, жемқорлыққа қарсы әрекет жасауға өкілетті органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттерге бағытталғанкүнтізбелік іс шаралардың өткізілуі беріледі.

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы ортабілім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
іс-шаралар жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»
ҚР Заңымен таныстыру**



ДТІЖО:  К.Айкузов

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мектебім адалдық мекенім» атты оқушылар
арсында жиылыстың өткізілгендігі туралы
мәлімет



ДТІЖО:  Қ.Айкузов

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы ортабілім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мектебім адалдық мекенім» атты оқушылар
арсында жиналыстың өткізілгендігі туралы
Х а т т а м а с ы**

17.10.2024ж

Аққұм ауылы

Төрағасы: Қ.Айкузов

Хатшы: Ә.Сахаев

Қатысқандар :Ұстаздар және оқушылар

Қаралатын мәселе

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес
«Мектебім адалдық мекенім» атты оқушылар арасында жиналыстың өткізілгендігі
туралы

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегін алған ДТІЖО Қ.Айкузов оқушыларға жалпы адамзатылық «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті. "Адалдық" деген сөз шын - шылдық, айнамастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұратындығын, мысалы мектебімізде үлкен сынып ұлдарының кішкентайлардан ақша талап ету мекрелерде мұғалімдерге ақшалай сыйлықтар беру сыбайлас жемқорлықтың бастамысы болуы мүмкін екендігін және арнайы жиынға келген ІІБ-қызметкерінің ешқандай оқушылар арасында ақша жинамау ұстаздарға сыйлық алмау болмайтындығын айтып, жан-жақты түсіндірме профилактикалық жұмысын жүргізгендігін жеткізді .

Келесі сөз кезегін алған мектеп психологы Е.Бектемиров Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мектебім адалдық мекенім» атты жиналыста өз пікірін айтып, жан-жақты мысалдар келтіре отырып психологиялық тұрғыда атсалысып, ІІБ-қызметкерінің түсіндірме жұмысын жоғары бағалап ризашылығын білдірді.

Қаулы:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес «Мектебім адалдық мекенім» атты оқушылар арасында жиналыстың өткізілгендігіне қанағаттанарлық деген баға берілсін

Төраға:  Қ.Айкузов

Хатшы:  Ә.Сахаев

14-класстың 10-класстың жалпы тәрбиялеу сабагында
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
іс-шаралар жоспарына сәйкес «Заң және тәртіп құндылықтары» тақырыптарында тәрбие
сағаттары өткізілгендігі туралы
мәлімет






**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында
«Пара алу құрдымға апарар жол» 8-11 сынып оқушылары арасында бейнеролик
көрсетіліп түсіндірме жұмыс жүргізілгендігі туралы
мәлімет**



Мақсаты: Оқушыларды белсенді өмір салтына тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың практикалық дағдыларын игеру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес мақсатында әлеуметтік бейнероликтер көрсетіп түсіндірме жұмыстарын жүргізу.



Ұйымдастырушы педагог:

А.Сахаев

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында
«Пара алу құрдымға апарар жол» 8-11 сынып оқушылары арасында бейнеролик
көрсетіліп түсіндірме жұмыс жүргізілгендігі туралы
Х а т т а м а с ы

Қарағанды аймағы

Аққұм ауылы

Төрағасы: Қ.Айкузов

Хатшы: С.Қалдарбекова

Қатысқандар: Ұстаздар-18

Күн тәртібінде

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында
«Пара алу құрдымға апарар жол» 8-11 сынып оқушылары арасында бейнеролик
көрсетіліп түсіндірме жұмыс жүргізілгендігі туралы

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін алған ДТЖО Қ.Айкузов «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Пара алу құрдымға апарар жол» атты бейнеролик көрсетілімінде 8-11 сынып оқушылары арасында «Жаксы есім мен беделден артық ештеңе жоқ. Сыбайлас жемқорлыққашалдығу - абыройсыздық. Сыбайлас жемқорлық ірілі-ұсақ болмайды, оның әрбір қадамы елімізге елеулі залал келтіретін апат» Лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін, 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін, 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген, деп оқушыларға өз ойын жеткізді.

Келесі сөз кезегі алған мектеп ҚББП Г.Бердалиева «Пара алу құрдымға апарар жол» бейнеролик көрсету барысында Әрбір сыбайлас жемқорлық жағдайы – біздің елімізге, оның экономикасына және қоғамға соққы. Бұған жол бермеңіз, адал әрі парасатты болуға шақырды.

Шешім:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Пара алу құрдымға апарар жол» 8-11 сынып оқушылары арасында бейнеролик көрсетіліп өткізілгендігіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төрағасы:



Қ.Айкузов

Хатшы:



С.Қалдарбекова